

## Жүгерінің тұқымы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 6 қазан 1993 ж. N 443-ө

1. Жамбыл атындағы жеміс-жүзім кеңшары мен Югославияның "Гибрид А.Х.М.Б.Х ." фирмасы, "Земун Поле" институты мен "Гибрид" бірлестігі еншілес фирмасы жүгерінің будан тұқымын кептіріп, өңдейтін зауытты салу және бірлесіп пайдалану жөнінде әзірлеген жоба мақұлданын.

2. Қазақстан Әлем Банкі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 21-4/4332 кепіліне сәйкес осы жобаны қаржыландыру үшін Жамбыл атындағы жеміс-жүзім кеңшарына 1,5 млн. АҚШ доллары мөлшерінде валюта кредитін беру мүмкіндігін қарастырсын.

3. Кредитті өтеу экспортқа өнім шығарудан алынған түсім есебінен қамтамасыз етілетіні;

- валюта кредитін өтеуді қамтамасыз ету мақсатымен югослав жағы өнімнің бір бөлігін экспортқа шығаруға көмектесуге міндеттенетіні;

- югослав жағының инвестициясы 1,5 млн. АҚШ доллары болатыны;

- Жамбыл облысының әкімі мен Жамбыл атындағы жеміс-жүзім кеңшары кредит жөніндегі валюталық төлемдер қамтамасыз етілмеген жағдайда кредитті өтеу есебіне 1994-1996 жылдары 500 мың АҚШ доллары сомасына жыл сайын бидай дәнін сатуға кепілдік беретіні еске алынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үкімет берген кепілдік пен кредит келісімін тіркейтін болсын.

5. Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жамбыл облысының әкімі кредиттің уақтылы төленуіне және жобаның жүзеге асырылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-министр